

**СМАЙЛОВА ГҮЛБАРШЫН ӘБІЛҚАСЫМҚЫЗЫ**

**Илемдеу орнағы қаласының құрылымын өзгерту арқылы табак  
илемінің сапасын жақсарту**

05.03.01 – «Механикалық, физика-техникалық өңдеу технологиялары мен  
жабдықтары»

Техника ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін  
дайындалған диссертацияның

**АВТОРЕФЕРАТЫ**

Диссертациялық жұмыс Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінде орындалды

Ғылыми жетекшісі:

техника ғылымдарының докторы  
С.А.Машеков

Ресми оппоненттері:

техника ғылымдарының докторы  
профессор Ф.С.Абдуллаев

техника ғылымдарының кандидаты  
доцент С.Д. Капаева

Жетекші ұйым:

Қарағанды мемлекеттік техникалық  
университеті

Қорғау 2010 жылғы 23 - желтоқсанда сағат 16.00-де Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің Д14.17.02 біріккен диссертациялық кеңесінде өтеді. Мекен-жайы: 050013, Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі 22, Машинажасау институты, МЖИ 304.

Факс: 8(7272)926025, т. 2577183 (083), E-mail: aspirantura@ntu.kz

Диссертациямен Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің кітапханасында танысуға болады.

Автореферат 2010 жылы 22 қарашада таратылды.

**Д 14.17.02 Диссертациялық  
кеңестің ғалым хатшысы,  
техника ғылымдарының докторы**



**Сазамбаева Б.Т**

## КІРІСПЕ

**Мәселенің жалпы сипаттамасы.** Ыстықтай илемдейтін кеңжолақты орнақтардың (БИКЖО) түржиыны кейінгі он жыл ішінде елеулі өзгерістерге ұшырады: ыстықтай илемделген болат жолақтарының ең төмен қалыңдығы 1,8 – 2,0 мм-ден 0,8 – 1,2 мм-ге дейін төмендетілді. Мұндай қалыңдықтары бар жолақтар тек суықтай илемдеу орнақтарында өндіріледі. Алайда машина жасау мен құрылыс индустриясының бірқатар кәсіпорындары, мұндай аса арзан ыстықтай илемделген жолақтарды, олардың механикалық сипаттары мен беттерінің сапасы халықаралық стандартқа сай келетін жағдайда ғана пайдалануды қажет етеді. Ыстықтай илемделген жұқа металл табағына деген сұраныс, қазіргі уақыттағы металл өнімдері нарығында өсіп келе жатуына байланысты, кәсіпорындар үздіксіз ыстықтай илемдеу орнақтарында жұқа металл жолақтарын шығарудың өнімділігін арттыру және илем бетінің сапасына қойылатын жоғары талаптарды орындау бағыттарында көп жұмыс жасап жатыр. Ыстықтай илемделген жұқа металл табағын шығаруды жетілдірудің басты бағыттары: цехтарды жаңа, өнімділігі жоғары жабдықтармен жарақтау, илем бетінің сапасын жақсарту және олардың өлшем дәлдігін арттыру, табак материалының механикалық қасиеттерін жақсарту, орнақтар мен агрегаттардың өнімділігін арттыру, өнім шығарудың жарамдығын арттыру, өндіріс шығындарын азайту.

**Жұмыстың өзектілігі.** Қалыңдығы 0,8 – 1,2 мм болатын ыстықтай илемделген жолақтарды өндіру деформация ошағының құрылымын және жолақ пен біліктердің арасындағы үйкеліс жағдайын өзгертумен қошталады. Көбінесе, орнақтардың тазалай илемдейтін қапастарында жалпылай жаншу 90 %-ға, жекелей жаншу – 60 %-ға дейін артты. Осының салдарынан деформация ошағының серпімді бөлімінің ұзындығы артып, жолақ пен пішінбіліктердің арасындағы түйісу кернеулері 800 – 1100 МПа дейін, яғни қауіпті деңгейге дейін жоғарылайды.

Сипатталған деформация ошақтары құрылымының өзгерістері БИКЖО-ның технологиялық үрдісінде пайда болатын бірқатар мәселелерді шешуді талап етеді, яғни

- жалпылай және жекелей жаншулар артып, жолақтарды илемдеуге жұмсалатын қуат шығыны өсетіндіктен, илемдеу орнақтарындағы бас жетек қозғалтқыштарына артық күштің түсуін;

- түйісу кернеулері деңгейінің артуы себебінен кеңжолақты орнақтардың соңғы қапастарындағы жұмыс біліктерінің орнықтылығының төмендеуін;

- жолақтардың ұзындығы бойынша технологиялық параметрлердің тұрақсыздығынан ұзына бойғы әртүрлі қалыңдық пен ендіктің ұлғаюын, (олардың ауытқулары жалпылай жаншудың артуына байланысты өсуге бейім болып келеді);

- БИКЖО-ның жұмыс қапастарындағы илемдеу күштерінің ауытқулары (олардың орташа мәндерінің 5 – 10 %-ын құрайды) және жұмыс қапастары элементтерінің серпімді деформациясының себебінен пішінбіліктер арасындағы

саңылаудың қосымша ауытқулары, осының салдарынан жолақтардың ұзына бойғы әртүрлі қалыңдық пен ендіктің артуы;

- жұқа жолақтарды ыстықтай илемдеу кезінде металдың кернеулі-деформацияланған күйін сипаттаудың күрделілігі.

Жаңа орнақтың құрылымын әзірлеу, жұқа табақты болатты өндіру технологиясын жетілдіру, кернеулі-деформацияланған күйдің (КДК) таралу заңдылығын зерттеу және металды илемдеу кезінде энергиякүштік параметрлері мен илемділік қорын қолдану дәрежесін (ИҚҚД) есептеу әдістемесін әзірлеу негізінде осы мәселелерді тиімді шешуге болады.

Осыған байланысты, өнімнің сапасын арттырумен, өндіріс шығындарын азайтумен, жолақтардың үзілгіштігін болдырмайтын илемдеу орнағының жаңа құрылымын жобалаумен, ыстықтай илемдеу үрдісінің ИҚҚД және энергиякүштік параметрлерін есептеумен байланысты әдістемелерді жасау, сондай-ақ қазіргі өндіріс талаптарына сай келетін жұқа табақты болатты өндіру технологиясын жетілдіру міндеттері аса өзекті және дұрыс болып табылады.

**Жұмыстың мақсаты.** Қолданыстағы орнақ жабдықтарында үзіктердің пайда болу заңдылықтарын зерттеп, алынған зерттеу нәтижелерін пайдаланып, жабдық элементтерінің жиынтығын өзгертпей жұқа жолақтарды илемдеуге арналған жаңа орнақ құрылымын әзірлеу және осы орнақты теориялық негіздеу.

Бұл мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер алға қойылып, өз шешімдерін тапты:

- деформация аймағында металдың кернеулі күйін есепке ала отырып табақты құрылымы жаңа орнақта ыстықтай илемдеген кезде пайда болатын деформация ошағының серпімді-илемді моделін жасау және негіздеу;

- құрылымы жаңа орнақта табақты ыстықтай илемдеудің энергиякүштік параметрлерін есептеудің әдістемесін жетілдіру;

- беткі ақауы бар жұқа табақтарды құрылымы жаңа орнақта ыстықтай илемдеген кезде қолданылатын ИҚҚД есептеу әдістемесін жетілдіру;

- жаңа орнақта жұқа табақтарды ыстықтай илемдеу кезінде пайда болатын КДК таралу заңдылығын зерттеу және осы зерттеулердің негізінде дайындама көлемінде ИҚҚД есептеу әдістемесін жетілдіру.

**Жұмыстың ғылыми жаңалығы.** Жұмыста өнім сапасын арттыруға мүмкіндік беретін илемделген бұйымдарды шығару технологияларын жетілдіру мәселелерін шешу нәтижелері ұсынылған. Осыған орай:

- пішінбіліктер диаметрлеріне қарай илемді аймағы сырғу және жабысу немесе тұтастай сырғу, немесе тұтастай жабысу аймағы болып табылатын серпімді-илемді моделі негізінде, құрылымы жаңа орнақта жолақты ыстықтай илемдеу үрдісінің энергиякүштік параметрлерін есептеудің әдістемесі жетілдірілді;

- деформация ошағы аймағында жанама кернеудің сенімді өзгеру заңдылықтары, құрылымы жаңа орнақта табақты илемдегенде қолданылатын жаншудың және энергиякүштік параметрлердің тиімді режимдері анықталды;

- жаңа орнақта беткі ақауы бар жұқа жолақтарды ыстықтай илемдегенде

пайдаланылатын ИҚҚД есептеу әдістемесі жетілдірілді;

- құрылымы жаңа орнақта жұқа табақтарды ыстықтай илемдегенде КДК сандық деректері алынып, оның өзгерісінің негізгі заңдылықтары анықталды осы деректер негізінде илемдеу қорын қолдану дәрежесі есептелді.

**Зерттеу әдістемесі** кернеулі-деформация күй теориясын қолдануға негізделді. Кернеулі-деформация күйін теориялық тұрғыдан есептеу үшін стандартты әдістеме мен компьютерлік бағдарлама қолданылды.

Зерттеу объектілері – ыстықтай илемдеу технологиясы мен құрылымы жаңа орнақ болды.

Құрылымы жаңа орнақта тәжірибелік зерттеу жүргізу үшін ыстықтай илемделген жолақтар қолданылды. Ыстықтай илемделген жолақтардағы ақау өлшемі дәлдігі  $\pm 0,01$  мм болатын БМИ-1 аспаптық микроскопы арқылы анықталды.

**Жұмыстың практикалық құндылығы** жүргізілген зерттеулер негізінде орнақтың жаңа құрылымын және талап етілетін сападағы бұйым шығаруға ықпал ететін ыстықтай илемделген жолақтарды осы орнақтарда илемдеу режимдерін әзірлеу.

#### **Қорғауға ұсынылған ережелер:**

- пішінбіліктер диаметрлеріне қарай илемді аймағы сырғу және жабысу немесе тұтастай сырғу, немесе тұтастай жабысу аймағы болып табылатын серпімді-илемді моделі негізінде, құрылымы жаңа орнақта жолақты ыстықтай илемдеу үрдісінің энергиякүштік параметрлерін есептеудің жетілдірілген әдістемесі;

- деформация ошағы аймағында жанама кернеудің сенімді өзгеру заңдылықтары және құрылымы жаңа орнақта табақты илемдегенде қолданылатын жаншу мен энергиякүштік параметрлердің тиімді режимдері;

- жаңа орнақта беткі ақауы бар жұқа жолақтарды ыстықтай илемдегенде пайдаланылатын ИҚҚД есептеудің жетілдірілген әдістемесі;

- құрылымы жаңа орнақта жұқа табақтарды ыстықтай илемдегенде алынған КДК сандық деректері мен оның өзгерісінің негізгі заңдылықтары, ал тағыда осы деректер негізінде есептелген илемділік қорын қолдану дәрежесінің мөлшерлері.

**Алынған нәтижелердің шынайылығы.** Теориялық есептер нәтижесінің шынайылығына белгілі әдістемелерді, теориялық тәуелділіктерді, рұқсаттар мен шектеулерді негізді қолдану, өңдеу міндеттерін дұрыс қою, сондай-ақ есептеу техникасының қазіргі заманғы математикалық әдістері мен құралдарын қолдану арқылы қол жеткізіледі.

**Автордың жеке үлесі** – зерттеу міндетін дұрыс қою, құрылымы жаңа орнақта илемдеудің энергиякүштік параметрлерін есептеудің жетілдірілген әдістемесін әзірлеу, сапаны бақылау мен басқару, жұқа жолақтарды илемдеу кезінде илемдеу қорын қолдану дәрежесін есептеу, ыстықтай илемдеу жолақтарын құрылымы жаңа орнақта илемдеу кезінде деформация ошағындағы кернеулі-деформация күйін зерттеу, зерттеу қорытындысына талдау жасау.

**Жұмысты мақұлдау.** Диссертацияда ұсынылған негізгі ережелер мына конференциялар мен семинарларда баяндалып, талқыланды: «Қазақстан республикасының мұнай-газ саласын дамытудың инновациялық жолдары» атты халықаралық ғылыми-техникалық конференциясында (Алматы, 2007 ж.), «Механика мен машина жасаудың Қазақстандағы жағдайы мен даму жолдары» атты халықаралық ғылыми конференциясында (Алматы, 2007 ж.), «Шекарасыз ғылым мен инженерлік білім» атты халықаралық форумында (Алматы, 2009 ж.), «Металлургиядағы жеделдетілген индустриалдық инновациялық даму» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында (Алматы, 2010 ж.), «Білдек жасау, материал тану және машина жасау өндірісінің автоматты жобалауындағы жаңалық» атты бірінші халықаралық ғылыми-техникалық конференциясында (Алматы, 2010 ж.) және Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-нің «Білдек жасау, материалтану және машина жасау өндірісінің технологиясы» кафедрасының ғылыми семинарларында, 2009-2010 ж; «Стандарттау, сертификаттау және машина жасау технологиясы», «Металлургия машиналары мен жабдықтары» және «Білдек жасау, материалтану және машина жасау өндірісінің технологиясы» кафедраларының ғылыми және бірлескен ғылыми семинарларында, Алматы, 2010 ж., мәлімделіп, талқыланды.

**Жарияланымдар.** Диссертациялық жұмыстың негізгі ғылыми жетістіктері автор жариялаған 13 баспа жұмыстарында толық сипатталған. Баспа жұмыстарының 5 Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған мерзімді ғылыми басылым беттерінде, 1 монографияда, 6 мақалада және 1 инновациялық патентте баяндалған.

**Диссертацияның құрылымы мен көлемі.** Диссертация кіріспеден, 4 бөлімнен, жалпы қорытындылардан, әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. 136 беттерінде баяндалған, онда 57 сурет, 34 кесте, 142 атаулардан тұратын қолданылған әдебиеттер тізімі, 2 қосымша бар.

## **ЖҰМЫСТЫҢ БАСТЫ МАЗМҰНЫ**

**Кіріспеде** мәселенің өзектілігі мен диссертация тақырыбының жаңалығы көрсетілген, еңбектің мақсаты қалыптастырылған, зерттеу міндеттері белгіленіп, қорғалуға ұсынылған заңдылықтар баяндалған.

**Бірінші бөлімде** илемдеу өндірісіне, сондай-ақ технологиялар мен жабдықтарды дамыту жолдарына, кеңжолақты орнақтарда үздіксіз ыстықтай илемдеу мәселелері мен келешектеріне арналған еңбекке шолу көрсетілген. Әдебиеттік шолуда келтірілген деректерде қазіргі кезде болаттардан алынған жұқа жолақтар мен қорытпаларды ыстықтай илемдейтін жаңа орнақтарды, тәсілдерді және технологияны жасауға бағытталған көптеген зерттеулер жүргізіліп жатқаны көрінеді. Дегенмен, олардың көптеген бөлігі қолданысын таппай отыр. Бұның себептері көп, әсіресе: көптеген жеке жабдықтар күрделі құрылыммен жасалуы; осы жабдықтарды илемдеу орнағының тізбегіне қиын


орнатылуы; дайындауға кететін көп шығындар, аз өнімділігі, көптеген жабдықтар мен құралдардың қолданылу аясының тар болуы және т.б.

**Екінші бөлімде** құрылым бойынша жаңа орнақта жұқа слябтарды ыстықтай илемдегенде осы слябта пайда болатын КДК зерттелді.

Болаттан және қорытпалардан алынған жолақтарды илемдеуге арналған жаңа үздіксіз орнақтың құрамына мынандай жабдықтар кіреді: жұмыс қапастары, әмбебап айналдырық, электрқозғалтқыштар, тістегерішті қапастар, конусты тістегеріштері бар бәсеңдеткіш, қозғалтқышты жалғастырғыш, түбір жалғастырғыш, айналдырықты серіппелі теңгеретін құрылғылар, жетегі жоқ тіреуші пішінбіліктер, жетегі бар жұмысшы пішінбіліктер, тұғыр, тіреуіш тақта, тұғырды бекітетін бұрандамалар (1 сурет). Сонымен бірге, айнымалы токпен жұмыс істейтін бір қозғалтқыштан жетек алатын қапастарда тұрақты диаметрлері бар жұмыс және тіреуіш пішінбіліктер орнатылған. Бұл жерде, кезектесіп орналасқан қапастардағы жұмыс пішінбіліктерінің диаметрі илемдеу бағытына қарай кішірейіп, ал тіреуіш пішінбіліктердің диаметрі ұлғаятындығын атап өту қажет. Сәйкесті қапастағы жұмыс және тіреуіш пішінбіліктердің диаметрлері мынандай формуламен анықталады:

$$D_i = \frac{F_1 \cdot D_{p1} \cdot n_1}{F_i \cdot n_i}; \quad D_j = \frac{F_1 \cdot D_{p1} \cdot n_1}{F_j \cdot n_j}, \quad (i = 1, 2, \dots, N, \quad j = N, \dots, 2, 1), \quad (1)$$

мұндағы  $F_i$  – тиісті қапаста илемделіп жатқан жолақтың көлденең қимасының ауданы;  $n$  – пішінбіліктердің айналу жылдамдығы;  $N$  – қапастың реттік нөмірі.



Сурет 1 – Жұқа жолақтарды илемдеуге арналған үздіксіз орнақтың жалпы түрі

Илемдеу процесінде жұқа слябтың көлемдік кернеулі-деформациялы күйін зерттеу деформациялаудың температуралық режимдерін ескере отырып анықталатын түйіспелі, серпімді илемді, сызықты емес болып табылады. Жұқа слябтарда пайда болатын КДК мен температуралық өрісті есептеуді құрылымы жаңа орнақтың барлық қапастары арқылы дайындаманы бір рет өткен кезде жүргіздік.

Құрылымы бойынша жаңа орнақта жұқа слябты ыстықтай илемдеген кезде пайда болатын КДК анықтау үшін, металдарды қысыммен өңдеу үрдістерін

есептеуге мамандандырылған, шекті элементтік талдамасының өнімі болып келетін MSC.SuperForge бағдарламасын қолдандық.

Жұқа сляб болып өлшемі 5\*20\*50 мм болатын параллелепипед алынды (2 сурет). Дайындаманың материалы ретінде болат Ст3 қолданылды. Деформациялаудың температуралық ауқымы 1100 – 1250 °С. Дайындама материалының илемділік қасиетін үлгілеу үшін Джонсон-Куктің серпімді илемділік үлгісі таңдап алынды.

MSC.SuperForge жүйесінде аспаптар өте қатты болып қабылданады және жылу өткізгіш және жылу бергіш қасиеттерін ғана қамтамасыз етеді, яғни, меншікті жылу өткізгіштігі, меншікті жылу сыйымдылығы және тығыздығы назарға алынады, ал механикалық қасиеттері еленбейді. Пішінбілік материалы бастапқы мәлімет ретінде берілмесе, онда H13 аспаптық болатын пішінбілік материалы ретінде белгіленеді. Сонымен бірге осы материал үшін тығыздық және жылулық қасиеттерін беру MSC.SuperForge жүйесінде қарастырылған.


Қатты пішінбілік пен деформацияланатын дайындама материалының арасындағы өзара әрекеттесуі пішінбіліктің беті мен сляб бетінің арасындағы байланысу жағдайларын бейнелейтін жанасу беттері арқылы үлгіленеді. Үлгілеу процесінде жанасу жағдайлары, пішінбіліктің айналуы мен материалдың деформациялануын көрсете отырып, үнемі жаңарып тұрады. Бұл пішінбілік пен өңделетін дайындама материалының арасындағы сырғуды үлгілеуге мүмкіндік береді. Пішінбілік пен жұқа сляб арасындағы жанасу Кулон үйкелісімен үлгіленді, үйкеліс коэффициенті 0,3 болып қабылданды.

Илемдеу кезіндегі температура күйі пішінбілік, жұқа сляб және қоршаған орта арасындағы жылу алмасудан, сондай-ақ металды деформациялаудың нәтижесінде жылу пайда болып, температураның жоғарлауынан тұрады. Жылу тасымалы слябтың қоршаған ортамен конвективті және сәулелі жылу алмасуымен және пішінбіліктің жұқа слябпен жанасуымен жүзеге асырылады. Илемдеу процесі бөлме температурасында жүргізіледі, сондықтан пішінбіліктің бастапқы температурасы 20<sup>0</sup>С-ге тең деп қабылданды.


Жұқа сляб пен пішінбіліктің үш өлшемді геометриялық үлгісі Inventor CAD бағдарламасында жасалған және MSC.SuperForge CAE бағдарламасына импортталған. 2-суретте көрсетілген жұқа слябтың шекті-элемент үлгісін жасау кезінде үш өлшемді денелерді үлгілеу үшін қолданылатын TETRA (төрт түзілімдік тетраэдр) үш өлшемді элемент пайдаланылды (3 сурет). Жұқа слябтың үлгісі үшін 2518 элемент және 3180 түзілім жұмсалды.

Ұсынылған орнақтағы илемдеу процесін шартты түрде төрт сатыға бөлуге болады. Сондықтан есептеу нәтижесін көрнекті етіп көрсету үшін төрт сатыда арналған деректер толық деформациялану уақытына қатысты пайызбен алынды, яғни, мынадай аралықтар таңдап алынды: толық деформациялану уақытынан бірінші саты 20, екінші саты 40, үшінші саты 60 және төртінші саты 80 пайыз.





Сурет 2 – Шекті-элемент үлгісі



Сурет 3– Шекті элемент ТЕТРА

Сандық үлгілеумен алынған нәтиженің негізінде мынандай қорытындылар жасалды:

1) Бірінші қапаста илемдегенде эквивалентті деформациялар ( $\Gamma$ ) мен кернеулер ( $\sigma_i$ ) илемдеудің бастапқы уақытында орнақтың пішінбіліктері металды қарпитын аймақта шоғырланады. Жаншуды көбейткен кезде  $\Gamma$  және  $\sigma_i$  мөлшерлерінің екпінi деформацияланатын дайындаманың беткі жағынан ортасына және шеттеріне қарай ауысады. Жаншуды одан әрі артырған кезде  $\Gamma$  және  $\sigma_i$  мөлшерлері шамалы түрде біркелкі тарайды, ал өтімнің соңында эквивалентті деформациялар мен кернеулер деформация ошағының кіретін аймағына шоғырланады;

2) Бірінші қапаста илемдеген кезде "ыстық металл - пішінбілік" жанасу аймақтарында температура төмендейді. Илемдеудің келесі сатыларында пішін өзгерту мен үйкелуден жылудың бөліну себебінен деформация ошағы бойынша температура теңеседі. Бірақта, өтімнің соңында деформация ошағынан шығатын дайындаманың бөлігі тез салқындайды;

3) Екінші, үшінші, төртінші және бесінші қапастарда илемдеу барысында  $\Gamma$  және  $\sigma_i$  мөлшерлерінің қарқынды шоғырланатын аймақтары илемдеу кезінде деформация ошағының басынан соңына қарай біртіндеп ауысады;

4) Температура өрісі екінші қапаста илемдеген кезде біркелкі таралмайды. Осы кезде деформация ошағының сыртында тұрған аймақтар қарқынды түрде суыйды, ал деформация ошағында орналасқан дайындама металы қызады;

5) Үшінші, төртінші және бесінші қапастарда илемдеген кезде жоғары температуралы аймақтар деформация ошағымен бірге өтімнің басынан соңына қарай жылжыйды. Осы кезде деформацияланатын металл мен пішінбіліктің жанасатын аймағы, сондай-ақ деформация аймағынан тыс аймақтар салқындайды.

MSC.SuperForge жүйесімен алынған мәліметтердің негізінде дайындаманың көлемі бойынша илемділік қорын қолдану дәрежесін (ИҚҚД) есептеудің әдістемесі ұсынылды.

Жоғарыда алынған мәліметтер бойынша ИҚҚД есептеу үшін деформация ошағының көлемінде кернеу мен деформация тензорының сыңарларын анықтап алу қажет, ал алынған деректермен кернеулі күй сұлбасының қатаңдық коэффициентін есептеу керек. Деформация жылдамдықтарының өрісі, ығыстыру деформациясы жылдамдықтарының сыңарлары, ығысу деформациясы жылдамдықтарының қарқындылығы және кернеу тензорының сыңарлары келесі формулаларды пайдалана отырып есептелді:

деформациясы жылдамдықтарының өрісі:

$$\left. \begin{aligned} v_{xi} = \pm v_o \frac{x_i}{l_o}; \quad \xi_{xi} = \pm \frac{v_o}{l_o}; v_{zi} = -\frac{\ln \frac{z_i}{b}}{\ln \frac{x_i}{l_o}} \frac{v_o}{l_o} z; \quad \xi_{zi} = -\frac{\ln \frac{z_i}{b}}{\ln \frac{x_i}{l_o}} \frac{v_o}{l_o}; \\ v_{yi} = \left( \mp 1 + \frac{\ln \frac{z_i}{b}}{\ln \frac{x_i}{l_o}} \right) \frac{v_o}{l_o} y; \quad \xi_{yi} = \left( \mp 1 + \frac{\ln \frac{z_i}{b}}{\ln \frac{x_i}{l_o}} \right) \frac{v_o}{l_o}; \end{aligned} \right\} \quad (2)$$

ығысу деформациясы жылдамдықтарының сыңарлары:

$$\left. \begin{aligned} \xi_{xy} = -\frac{v_o \frac{y}{l_o} \ln \frac{z}{b}}{2y \ln^2 \frac{x}{l_o}}; \sqrt{\xi_{yz}} = \frac{v_o \frac{y}{l_o}}{2z \ln \frac{x}{l_o}}; \xi_{zx} = \frac{v_o \frac{z}{l_o} \ln \frac{z}{b}}{2y \ln^2 \frac{x}{l_o}}; \end{aligned} \right\} \quad (3)$$

ығысу деформациясы жылдамдықтарының қарқындылығы:

$$H = \frac{2}{\sqrt{6}} \sqrt{1 - \frac{\ln \frac{z}{b}}{\ln \frac{x}{l_o}} + \frac{\ln^2 \frac{z}{b}}{\ln^2 \frac{x}{l_o}} + 3 \left( \frac{y^2 \ln^2 \frac{z}{b}}{x^2 \ln^4 \frac{x}{H}} + \frac{z^2 \ln^2 \frac{z}{b}}{x^2 \ln^4 \frac{x}{H}} + \frac{y^2}{z^2 \ln^4 \frac{x}{H}} \right)}; \quad (4)$$

кернеу тензорының сыңарлары:

$$\sigma_{ij} - \frac{1}{3} \sigma_{ij} \delta_{ij} = \frac{2T}{H} \left( \xi_{ij} - \frac{1}{3} \xi_{ij} \delta_{ij} \right), \quad (5)$$

мұндағы  $l_i, h_i, v_i$  – деформация ошағының ұзындығы, биіктігі және ені бойынша зерттелетін нүктеге дейінгі қашықтық;  $l_o, h_o, v_o$  – деформация ошағының ұзындығы, биіктігі және ені (сәйкесті жазылған).

Ығысу деформациясы жылдамдықтарының қарқындылығы шамасын біле отырып және «біртұтас қисық сызық» болжамын пайдалана отырып, жанамалы кернеулерді анықтаймыз. Осы кезде (5) жүйенің соңғы үш теңдеуіне (3) теңдеу бойынша табылған ығысу деформациясы жылдамдықтарының мәндерін қоя отырып жанама кернеулерді табамыз.

Нормальды кернеулерді  $\sigma_{xx}, \sigma_{yy}, \sigma_{zz}$  тепе-теңдіктің дифференциалды теңдеуінен табамыз

$$\frac{\partial \sigma_{ii}}{\partial x_i} + \frac{\partial \sigma_{ij}}{\partial x_j} + \frac{\partial \sigma_{ik}}{\partial x_k} = 0. \quad (6)$$

Жеке туындылар  $\partial \tau_{xy} / \partial y$  және  $\partial \tau_{xz} / \partial z$  алып және (6) теңдеуін интегралдап  $\sigma_{xx}$  кернеуін анықтаймыз. Әрі қарай, ығысу деформациясы жылдамдықтарының қарқындылығы шамасын біле отырып және «біртұтас қисық сызық» болжамын

пайдалана отырып (5) жүйенің бірінші теңдеуінен орташа кернеуді табамыз, келесі екі теңдеуді пайдалана отырып,  $\sigma_{yy}$  және  $\sigma_{zz}$  нормальды кернеулерін анықтаймыз.


Кернеулі-деформациялы күйді анықтаған кезде өлшенген деректерді пайдаландық (4 сурет).

Болат пен қорытпаларды ұсынылған орнақта илемдеген кезде пайда болатын қирау жағдайын илемділік қорын қолдану дәрежесін (ИҚҚД) есептеп бағаладық. Илемділік қорын қолдану дәрежесін мынандай формуламен есептедік:

$$\psi = \int_0^{\varepsilon} \frac{H(\tau)d\tau}{\Lambda_p[k_{жс}(\tau)]} = \int_0^{\varepsilon} \frac{H(\varepsilon)d\tau}{\Lambda_p[k_{жс}(\varepsilon)]}, \quad (7)$$

мұндағы  $\Lambda_p$  – кернеулі күйден тәуелді болатын металдың шекті илемділігі;  $k_{жс} = \sigma/T$  – кернеулі күй сұлбасының қатаңдық коэффициенті;

$T = \frac{1}{\sqrt{6}} \sqrt{(\sigma_x - \sigma_y)^2 + (\sigma_y - \sigma_z)^2 + (\sigma_x - \sigma_z)^2 + 6(\tau_{xy}^2 + \tau_{xz}^2 + \tau_{zy}^2)}$  – жанама кернеудің қарқындылығы;  $\sigma$  – орташа кернеу.



Сурет 4 – Бірінші қапаста илемдегеннен кейінгі деформация ошағының геометриялық өлшемдері

Ст3 болатын деформациялаған кезде  $\Lambda_p$  анықтау үшін мынандай белгілі теңдеуді пайдаланылды:

$$\Lambda_p = 2,58 + 3,1(T_n/1000)^2 - 0,73(T_n/1000)\ln \xi - 0,64(\sigma/T) + 0,1(\sigma/T)\ln \xi, \quad (8)$$

мұндағы  $T_n$  – қыздыру температурасы;  $\xi$  – деформация жылдамдығы.

Жоғарыда келтірілген әдістемені және MSC.SuperForge жүйесімен алынған деректерді қолданып есептелген ИҚҚД Ст.3 болатты ұсынылып отырған орнақта илемдеген кезде жолақ материалы бетінде ақаудың пайда болмайтындығын көрсетті.

**Үшінші бөлімде** құрылымы жаңа үздіксіз орнақта жолақты ыстықтай илемдеу кезінде пайда болатын энергиякүштік параметрлерді есептеудің

жетілдірілген әдістемесін ұсындық. Бұл тарауда белгілі ғылыми әдібеттерден алынған нәтижелерді және жаңа орнақтың жұмыс пішінбіліктерінің диаметрлері өзгеру заңдылықтарын қолданып деформация ошағаның келесі түрлерін қабылдадық:

- бірінші қапас: ұзындығы  $x_{1\text{упр}}$  болатын жолақты серпімді жаншитын аймақ; ұзындығы  $x_{\text{пл}}$  тең болатын сырғу мен жабысу аймақтары құрамына кіретін илемді деформация аймағы;

- екінші, үшінші, төртінші қапас: ұзындығы  $x_{1\text{упр}}$  тең болатын жолақты серпімді жаншитын аймақ; ұзындығы  $x_{\text{пл}}$  тең болып тұтастай алғанда жабысу аймағы болып табылатын илемді деформация аймағы; ұзындығы  $x_2$  тең болып деформация ошағының шыға берісінде жолақтың қалыңдығының белгілі бір бөлімін серпімді қалыпқа келтіретін аймақ;

- бесінші қапас: ұзындығы  $x_{1\text{упр}}$  тең болып жолақты серпімді жаншитын аймақ; ұзындығы  $x_{\text{пл}}$  тең болып тұтастай алғанда жабысу аймағы болып табылатын илемді деформация аймағы; ұзындығы  $x_2$  тең болып деформация ошағының шыға берісінде жолақтың қалыңдығының белгілі бір бөлімін серпімді қалыпқа келтіретін аймақ.

Екінші, үшінші, төртінші қапастарда илемдеген кезде илемді аймақта жабысу құбылысы пайда болу себебінен жолақтың беткі қабатының жылдамдығы тұрақты болады. Сондықтан жолақтың қалыңдығы бойынша орташа жылдамдыққа ( $v_{\text{хср}}$ ) қатысты мынаны жазуға болады:  $h_x > h_n$  болған кезде  $v_{\text{хср}} < v_b$ ;  $h_x < h_n$  болған кезде  $v_{\text{хср}} > v_b$  шарттары орындалады, мұндағы  $h_n$  – жолақтың бейтарап қимадағы қалыңдығы. Жолақтың қалыңдығы бойынша орташа жылдамдыққа қатысты илемді бөлім мынандай екі аймақтан тұрады: ұзындығы  $x_{\text{пл.отст}}$  тең болатын қалатын аймақ; ұзындығы  $x_{\text{пл.опер}}$  тең болатын озатын аймақ.

Деформация ошағының бірінші және екінші серпімді аймағының және илемді аймақтарының ұзындықтары белгілі формулалар бойынша анықталады.

Жолақты құрылымы жаңа орнақта илемдеген кезде пайда болатын кернеулі-деформациялы күйдің ерекшеліктерін ескеріп, жанасу кернеуін есептеудің жаңадан жасалған әдістемесінде үйкеліс кернеуін анықтаудың келесі үлгісі ұсынылған (5 сурет):

- бірінші қапас: деформация ошағының серпімді және сырғу бөлімдерінде мынандай сырғудың үйкеліс заңы қолданылады:

$$\tau_x = ?p_x, \quad (9)$$

? – үйкеліс коэффициенті.

Жабысу аймағы болып табылатын бөлімде жанама кернеулер сызықты түрде үлкен мәннен  $\tau_{x\text{max}} = \tau_s$  кіші мәнге дейін  $\tau_x \geq -\tau_s$  бейтарап қимада  $\tau_x = 0$  мәні арқылы өте отырып өзгереді. Осы өзгеруді мынандай өрнекпен бейнелеуге болады:

$$\tau_x = \tau_s \left( \frac{h_x - h_n}{h_{1.\text{кол}} - h_n} \right), \quad (10)$$


мұндағы  $h_{1\text{скоп}}$  – жолақтың сырғу және жабысу шекарасындағы бөлімінің қалыңдығы;

- екінші, үшінші, төртінші қапас: ұзындығы  $x_{1\text{упр}}$  және  $x_2$  болатын деформация ошағында (9) формуламен есептелетін сырғу үйкелісінің заңы қолданылды, ал жабысу аймағы болып табылатын илемді бөлімде жанама кернеулер сызықты үлкен мәннен  $\tau_{x\text{max}} = \tau_s$  бейтарап қимада  $\tau_x = 0$  мәнінен өте отырып  $\tau_x \geq -\tau_s$ , кіші мәнге дейін өзгереді. Осындай айтылған өзгеруді мынандай өрнекпен бейнелеуге болады:

$$\tau_x = \tau_s \left( \frac{h_x - h_n}{h_{1\text{упр}} - h_n} \right), \quad (11)$$

мұндағы  $h_{1\text{упр}}$  – жолақтың бірінші серпімді және илемді бөлімдерінің шекарасындағы қалыңдығы;


- бесінші қапас: деформация ошағынның серпімді және сырғу бөлімдерінде сырғу үйкелісінің (9) формуламен анықталатын заңы қолданылды.



Сурет 5 – Деформация ошағындағы жанама түйіспелі кернеулердің өзгеру заңдылықтары

Илемдеу күшін есептеудің әдістемесінде жабысу аймағы үшін үйкеліс жағдайының өзіне тән белгілі ерекшеліктері пайдаланылды. Бұл аймақта нормальды және түйісетін жердегі жанама кернеулер сырғу үйкелісінің коэффициентінен мүлде тәуелді емес. Осы кернеулер жолақ материалының таза ығысуға кедергісінен және жолақтың жылдамдығы  $v_{\text{хср}}$  (әрбір көлденең қимада орташа болатын) мен пішінбіліктер бөшкесінің айналу жылдамдығы  $v_b$  арасындағы айрымнан тәуелді болады.

Түйісу кернеулерін есептеген кезде жанама кернеулерінің үлгілерімен бірге жолақтың деформацияға кедергі үлгісінің маңызы зор. Бұл бөлімде деформация кедергісінің келесі үлгісі ұсынылған (6 сурет): серпімді бөлімдерде – Гук заңы бойынша сызықты өзгеруі, илемді бөлімде – тұрақты мәнге ( $\sigma_{\text{ф.пл}}$ ) жақын етіп қабылдау. Өйткені ыстықтай илемдеген кезде металдың беріктенуімен қатар, оның рекристаллизациялану процестері жүреді.



*a* – бірінші қапас; *б* – екінші, үшінші, төртінші қапас; *в* – бесінші қапас

Сурет 6 – Ыстықтай илемдейтін орнақтың *i*-қапасындағы түйісу доғасының ұзындығы бойынша деформация кедергісінің өзгеру кестесі

Белгілі формулаларды талдағаннан кейін  $\sigma_{\phi,пл}$  есептеу үшін Я.С. Шварцбарт-И.Г.Зуев ұсынған мынандай формуланы қолдандық:

$$\sigma_{\phi,пл} = \sigma_{SO} \cdot \xi^{n_1} + D \cdot \bar{\varepsilon}_x \times \exp\left[\left(-\frac{\bar{\varepsilon}_{x1}}{\bar{\varepsilon}_{x2}}\right) \xi^{n_{\varepsilon 1}}\right] - (\sigma_{SO} \cdot \xi^{n_{\varepsilon 2}} - \sigma_J \cdot \xi^{n_J}), \quad (12)$$

мұндағы  $\sigma_{SO} = \lim_{\substack{\varepsilon \rightarrow 0 \\ \xi = 1}} \sigma_S$  - аққыштық шегі;  $D = -\frac{d\sigma_S}{d\varepsilon}$  - бастапқы беріктенудің

модулі;  $\bar{\varepsilon}_{x1}, \bar{\varepsilon}_{x2}$  - ең жоғары температурада алынған, максималды мөлшері бар  $\sigma_S - \bar{\varepsilon}$  диаграммасындағы  $\sigma_{Smax}$  - ке сәйкес келетін сипаттамалық логарифмдік деформация;  $\sigma_J = \lim_{\varepsilon \rightarrow \infty} \sigma_S$  - ағымның орныққан сатысындағы аққыштық кернеуі;

$n_1, n_{\varepsilon 1}, n_{\varepsilon 2}$  – жылдамдық көрсеткіштері.

